

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 6, Number 352 (2014), 78 – 81

INTERNATIONAL STANDARDS IN THE FIELD OF MEDIA

A. Darkenbaev, A. Daurenbekova

Kazakh national university named after Al-Faraby, Almaty, Kazakhstan.

Key words: mass-media, international cooperation, international standards, freedom of speech, information.

Abstract. In this article the international cooperations in field of the use of mass media were considered. Author tried to investigate international legal norms governing the activities of the media. The international cooperation in the field of media is associated with the problems of technical conditions, of international exchange of information, of information content. Particular attention is paid to international - legal regulation of these issues, as well as the legal regulation of freedom of speech in Kazakhstan. This article covered legal documents authorizing problems of mass-media between the countries.

УДК 341.1/.8:070

**БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР**

А. И. Даркенбаев, А. А. Дауренбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, халықаралық ынтымактастық, халықаралық стандарттар, сөз еркіндігі, ақпарат.

Аннотация. Макалада бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымактастық мәселелеріжөне халықаралық стандарттар талданған. Автор трансшекаралық деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланудың құқықтық негізін реттейтін негізгі халықаралық келісімдерді қарастырған. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымактастықты реттеу бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланудың техникалық шарттары, халықаралық ақпарат алмасу, таратылатын ақпарат мазмұны және сөз еркіндігі сияқты негізгі мәселелерге тәуелді. Автор осы мәселелердің халықаралық құқықтық реттелуіне және Қазақстандағы сөз еркіндігі мәселесінің құқықтық реттелуіне баса назар аударған. Макалада мемлекеттер арасындағы ақпараттық мәселелерді шешуге негізделген құқықтық құжаттарға талдау жасалған.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1945 жылдан берігі жетістігі адам құқығын қорғайтын жана әмбебап стандарттар жасап шығаруы болды. Дегенмен де, мемлекеттер қабылданған стандарттарды ұстанбайды және бұл жағдай қазіргі күннің маңызды мәселесінің бірі болып тұр. Демек, мемлекеттердің адам құқығы туралы аймақтық және дүниежүзілік халықаралық келісімдерге енгізілген стандарттарды тәжірибе барысында қолдану керектігіне көзін жеткізу қажет. Негізгі құжаттардың әрқайсысының қолданылу механизмі қамтылған. Пікір еркіндігі, сөз және ақпарат еркіндігі құқықтары барлық халықаралық конвенцияларға енгізілген. Аталған халықаралық құжаттар сөз еркіндігінің құқығын ғана жарияладайты, сонымен катар, бұл құқықтың үкімет шектей алатындағы негіз жасайтынын естен шыгармаған жөн. Сөз еркіндігі құқығына шектеу қойылған жағдайда, оны атқарушы билік емес, сот органы анықтауы қажет. Яғни, демократиялық қоғам жағдайында сөз еркіндігі құқығын шектеу қажет екендігін дәлелдейтін көрнекі дәлелдер болуы тиіс. Ақпарат еркіндігінің ішкі және халықаралық құқықтық кепілдігін қолдану ісі бойынша сот, міндетті тұрдеге, үкімет әрекеттерін және шектеу қоятын заңдарды қадағалауы тиіс.

Біріккен Ұлттар Ұйымының бүкіл қызметінің негізі – Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы. Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ жарғысына сәйкес міндеттеуші емес тек ұсыныс сипатына ие, сондыктan қарар болып табылады. Бұл декларация қазіргі күні де, адам құқығын жаппай құрметтеудің негізгі құжаты. Декларация Ережелерін халықаралық қауымдастықтың көптеген мемлекеттері қабылдады. Қазақстан Республикасы да өз

тәуелсіздігін алғаннан кейін, 1992 жылдың 2 наурызында халықаралық Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданды. Еліміз БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Ұйымның жаңа мүшесі ретінде ғана емес, қазіргі заманның ең өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын мемлекет ретінде мүше болды. Сондыктан Қазақстан мемлекеті де адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесінде БҰҰ Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясына сілтеме жасайды. Декларацияның 19 бабында былай делінген:

«Әр адам наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздең, кез-келген құралдар арқылы тарату бостандығын дақамтиды» [1]. Бұл абсолютті құқық емес, әрине. 29 баптың 2 тармағында «тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана» [2] адам құқықтары мен бостандықтары заңмен белгіленген шектеулерге ұшырауы мүмкін.

Ғалым А. Г. Рихтердің айтуынша «бұл қағида БҰҰ мемлекеттерінде тікелей қолданылmasa да, бүкіл әлемге айтылған маңызды саяси үндеу іспеттес. Көптеген зангерлердің ойынша, бұл қағида барлық мемлекеттерге қолданылатын халықаралық әдет-ғұрыптың құрамдас бөлігі» [3].

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт халықаралық маңызы бар, 1966 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған құжат. Бұл құжат заңды күшіне 1976 жылы қабылданған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы келісіммен қатар енді. Әлемнің 166 мемлекеті бекіткен бұл келісім Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясында қамтылғанадамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын заңдастыру саласындағы ынтымақтастықтарды бекітеді. Бұл құжаттың да 19 бабы пікір білдіру еркіндігі және ақпарат бостандығына арналған. Бұл бапта Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясына қарағанда еркіндік пен бостандықтың шекарасын нақтырақ айқындастырып сипаттамалар берілген. Нактылықтың пайда болуына бір мемлекеттің екінші мемлекетті өз азаматтарына ақпаратты еркін алуына және таратуына рұқсат бермейді деп айыптауы ықпал етті. Екінші мемлекет өз азаматтарын шет елдерден тарайтын соғысты, фашизмді, зорлық-зомбылық пен порнографияны насиҳаттайтын ақпараттардан қорғайтынын алға тартты. Келіссөз нәтижесінде, әрбір адам өз ой-пікірін еш кедергісіз ұстану, мемлекеттік шекараларға қарамастан кез-келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша таңдап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығын сақтап қалған 19 баптың тармағына аталған құқықтарды пайдалану адамға ерекше міндеттер мен жауапкершілік жүктейтін туралы норма қосылды [4]. Аталған ерекше жауапкершілік дегеніміз ақпарат еркіндігін пайдалану құқығы шектелуі мүмкін деген сөз. «Осы баптың 2-тармағында көзделген құқықтарды қолдану ерекше міндеттер мен ерекше жауапкершілікті жүктейді. Сондыктан оларды қолдану кезінде кейбір шектеулердің кездесуі мүмкін, алайда ондай шектеулер заңмен белгіленіп және:

- a) басқа тұлғалардың құқықтары мен абырай-беделін құрметтеу;
- b) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, жұртшылықтың денсаулығын немесе имандылығын қорғау қажеттілігінен туындауы тиіс» (19 бап, 3 тармак) [5]. Демек, мұндай шектеу кез келген ұлттық заңнамадан орын алуы керек.

18 бап – ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына, ал 19 бап – сөз еркіндігіне кепілдік береді; 20 бапта – соғысты қандай түрде болса да насиҳаттауға заң тұрғысынан тыйым салынған. Нактырақ айтқанда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 20 бабы катысуыш-мемлекеттерден кемсітушілікке, алауыздыққа немесе адамды жәбірлеуге негізделген соғыс насиҳатына, ұлттық, нәсілдік және діни өшпендерлік қоздыруға заңмен тыйым салуды талап етеді [6].

Баспасөз пікірді еркін білдіретін және ақпарат еркіндігі құқықтарын жүзеге асыратын маңызды құрал екендігін ескерсек, БАҚ-тың пікірді еркін білдіру құқын жүзеге асыру қабілетіне немесе халықтың ақпарат алу құқығына әсер ететін, бұқаралық ақпарат құралдары туралы кез келген заңдар мен нормативтік актілер осы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге 2003 жылдың 2 желтоқсанында қол қойып, 2006 ж. 24 қантарында бекітті. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына қарағанда халықаралық келісім және қосылған мемлекеттерге құқықтық міндеттемелер жүктейді.

Қазақстанның Конституциясының 4 бабына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

Қазақстан Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы баяндамада мынадай мәліметтер көлтірлген: «Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мұдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Конституцияда сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. Республиканың конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нақілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насиҳаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» [7].

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық қенесінің қорытынды актісі (Хельсинк қорытынды актісі). Қазақстан ЕҚЫҰ-ға 1992 ж. мүшелікке кірді, ал сол жылдың тамыз айында атапмыш актіге қол қойды. ЕҚЫҰ-ның мүшесі ретінде Қазақстан осы ұйымның сөз бостандығын қорғайтын түрлі құжаттарын ұстану керек. Атап айтсақ, Хельсинкіде қол қойылған Қорытынды акті, Адам құқығы мәселелері бойынша Копенгагендегі қенестің Қорытынды құжаты, 1990 ж. Париж хартиясы, 1994 ж. Будапештегі жоғары деңгейде кездесудің Қорытынды құжаты, 1999 ж. Стамбулдағы жоғары деңгейде кездесудің декларациясы.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық қенесінің қорытынды актісі 1975 ж. Хельсинкіде қабылданды. Қорытынды актіге сәйкес он принцип, яғни он ұстаным берілген. Мемлекеттер атаптанған принциптерді өзара қарым-қатынас барысында басты назарға алуы тиіс. Сонымен қатар, қорытынды акті барынша нақты талаптардан құрылған үш «пакетті» қамтиды, оның ішінде «гуманитарлы және басқа салалардағы ынтымақтастық» туралы. Мұнда адамдар арасындағы байланысқа жәрдемдесу, түрлі ақпараттарды таратуды жаксарту және журналистердің қызмет жағдайын жақсарту туралы қамтылған.

1975 ж. Хельсинкі актісіне қатысушы-мемлекеттер тарапынан келісілген заң бойынша «өзге қатысушы-мемлекеттен ақпарат тарату маңызды» және «ақпараттың кез-келген түрін еркін әрі кеңінен таратуды женілдету керек» және «басқа елдермен ақпарат саласындағы ынтымақтастықты және ақпарат алмасуды ынталандыру қажет» [8]. Қорытынды актіге қол қойған қатысушы-мемлекеттер басшылары ақпараттың әлеуметтік маңыздылығын мойындағы, ақпараттың халықтар арасындағы сенімді нығайтуға үлкен үлес қосатынын да жоққа шығарған жоқ. Осыған байланысты, «баспасөздің, радио мен теледидардың, кино және телеграф агенттіктерінің, осы салада қызмет ететін тілшілердің маңызды роліне» ерекше көңіл бөлінді. Сондықтан «түрлі формадағы ақпараттардың еркін әрі кеңінен таралуын женілдету, ақпарат және басқа елдермен ақпарат алмасу саласында ынтымақтастықты ынталандыру» және «бір қатысушы-мемлекеттен келіп екінші қатысушы-мемлекетте кәсіби қызметтін атқарып жүрген тілшілердің жағдайын жақсарту» міндеттемелері қабылданды.

ҚР Конституциясында өз ойын білдіру саласындағы негізгі халықаралық стандарттар қамтылған. 1995 ж. республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясының 1 б. Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде және оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігін бекітеді [9]. 12 бапқа сәйкес Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі, сонымен қатар, «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұмысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан оны ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» [10].

Конституцияның 20 бабы сөз бостандығына және шығармашылыққа арналған. 20 бапқа сәйкес сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Алайда ақпарат еркіндігіне шектеу дәл осы баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген:

«2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насиҳаттауга немесе үтіттеуге жол берілмейді» [11].

Сонымен қатар, Конституацияның 18 бабы бойынша әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар; өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар [12]. Демек, бұқаралық ақпарат құралдары аталған тармақтар бойынша тұлғаның арнайы рұқсатынсыз ақпарат жинауға, таратуға құқы жоқ.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы. 19 бап. <http://online.zakon.kz/>
- [2] Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы. 29 бап, 2 т.<http://online.zakon.kz/>
- [3] Рихтер А.Г. Международные стандарты и зарубежная практика регулирования журналистики: учебная пособия. – М.: Изд. ЮНЕСКО, 2011.
- [4] Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт. 19 бап.<http://online.zakon.kz/>
- [5] Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт. 19 бап, 3 т. <http://online.zakon.kz/>
- [6] Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт. 20 бап. <http://online.zakon.kz/>
- [7] QR Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындау туралы баяндама. 31 мамыр 2011 ж. www.unesco.kz
- [8] Рихтер А.Г. Международные стандарты и зарубежная практика регулирования журналистики: учебная пособия. – М.: Изд. ЮНЕСКО, 2011 г.
- [9] QR Конституциясы. 1 бап. www.akorda.kz
- [10] QR Конституциясы. 12 бап. www.akorda.kz
- [11] QR Конституциясы. 20 бап, 2, 3 тт. www.akorda.kz
- [12] QR Конституциясы. 18 бап. www.akorda.kz

REFERENCES

- [1] Adam qui'l'ghi'ni'ng jalpi'gha birdey deklaraci"yasi'. 19 bap. <http://online.zakon.kz/>
- [2] Adam qui'l'ghi'ni'ng jalpi'gha birdey deklaraci"yasi'. 29 bap, 2 t.<http://online.zakon.kz/>
- [3] Ri'hter A.G. Mejdwnarodni'e standarti' i" zarwbejnaya prakti"ka regwli"rovani"ya jwrnali"sti"ki": wchebnaya posobi"ya. M.: I"zd. YuNESKO, 2011.
- [4] Azamatti'q ja'ne sayasi" quiqi'qtar twrali' hali'qarali'q pakt. 19 bap.<http://online.zakon.kz/>
- [5] Azamatti'q ja'ne sayasi" quiqi'qtar twrali' hali'qarali'q pakt. 19 bap, 3 t. <http://online.zakon.kz/>
- [6] Azamatti'q ja'ne sayasi" quiqi'qtar twrali' hali'qarali'q pakt. 20 bap. <http://online.zakon.kz/>
- [7] QR Azamatti'q ja'ne sayasi" quiqi'qtar twrali' hali'qarali'q paktini ori'ndaw twrali' bayandama. 31 mami'r 2011 j. www.unesco.kz
- [8] Ri'hter A.G. Mejdwnarodni'e standarti' i" zarwbejnaya prakti"ka regwli"rovani"ya jwrnali"sti"ki": wchebnaya posobi"ya. M.: I"zd. YuNESKO, 2011 g.
- [9] QR Konsti"twci"yasi'. 1 bap. www.akorda.kz
- [10] QR Konsti"twci"yasi'. 12 bap. www.akorda.kz
- [11] QR Konsti"twci"yasi'. 20 bap, 2, 3 tt. www.akorda.kz
- [12] QR Konsti"twci"yasi'. 18 bap. www.akorda.kz

МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ В ОБЛАСТИ СРЕДСТВ МАССОВЫХ ИНФОРМАЦИИ

А. И. Даркенбаев, А. А. Дауренбекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: средства массовых информации, международное сотрудничество, международные стандарты, свобода слова, информация.

Аннотация. В статье были рассмотрены международное сотрудничество и международные стандарты в области средств массовых информации. Автор попытался разобрать основные международные соглашения, регулирующие деятельность средств массовых информации на трансграничном уровне. Международное сотрудничество в сфере средств массовых информации связан с проблемами технических условий, международного обмена информацией, содержания информации, а также свободы слова. Особое внимание уделяется международно-правовому регулированию данных проблем, а также правовому регулированию свободы слова в Казахстане. В статье были рассмотрены правовые документы, регулирующие информационные проблемы между странами.

Поступила 23.10.2014 г.